# ӘЛИЯ

Берлиннің бұзып кірген дарбазасын,
Менің бір қазақ жігіт замандасым
Көрсетті қыз суретін, отырғанда
Әр түрлі әңгіменің шалып басын.

Қара шаш, аққұбаша, ашық қабақ,
Жүзіне келешектің көзін қадап,
Қиялдың құшағында отырғандай
Суреттен қазақ қызы тұрды қарап.

Жүрегім толқын ұрып, күйіп жаным,
Бояудай бетке шығып ыстық қаным,
Көңілім көрген сайын елжіреді,
Сездіріп қазақ қызын сағынғанын.

Көзімді тұтқын етіп раушан жүзі,
Туғандай балқып нұры таң жұлдызы,
Соншама неге маған ыстықсың сен,
Неліктен қарақат көз қазақ қызы?..

Кідіріп ұмытқандай әлденесін,
Көзіне елестетіп қыз бейнесін.
Суретке сүйінгендей қарап қойып,
Күрсініп, айтты жігіт әңгімесін.

– Күн мұнар, көк түтін боп майдан үсті,
Сұрапыл соғыс сонша болды күшті.
Қиратып жаудың шебін алған шақта
Жаралы жатқан жанға көзім түсті.

Бетінен танытпады аққан қаны,
Қосылған аққан қанға майдан шаңы.
«Қош елім, қош туған жер» дегенде ол,
Даусынан тани кеттім Әлияны.

«Қарындас, Әлияжан, мақтанышым!»—
Дедім де батыр мерген қызды құштым.
«Әперші, мылтығымды, бір атайын,
Ақырғы оқ түу Берлинге жеткенше ұшсын».

Әпердім. Ақырғы рет жиып күшін,
Кезеніп жау жағына, қайрап тісін.
Мылтығын бұрынғыдай берік ұстап,
Атты ол, деді-дағы: «Отан үшін!»

Өзегін өртегендей қайғы шоғы,
«Аһ» ұрды мылтық шіркін, ұшты оғы.
Шықса да оқпен бірге кеуДеден жан
Мылтықтан айырылмады мерген қолы.

Нақ сонда майдан түзі гүрсіл қақты,
Тағы да алғы шепті жалын жапты.
Ақырғы Әлияның атқан оғы
Жандырып жатқандайын дұшпан жақты.

Ерлігін есімізде тудай сақтап,
Есімін ұран етіп алға аттап,
Ел сүйген ер қыз үшін кек алысып,
Еңсеріп жау әскерін кеттік таптап...

Соққандай ержүрегі әр кеудеде,
Қоспаймыз жырға неге, әнге неге?—
Деп тынды солдат жігіт. Ойладым мен:
Ескерткіш емес пе осы әңгіме де?

* * *

Ал-дал боп атақты ақын жыр толғатып,
Ойлайды кейде отырып, кейде жатып.
Келешек дастанына «Әлия» атты
Іздейді сөз асылын күн-түн қатып.

Қазғандай қаламымен бейне алтын,
Дастанын «Әлия» деп атаса ақын.
Ана да Әлия деп атауға әуес
Жарыққа жаңа шыққан сәби атын.

*1946*